

**2018-2020 жылдарға арналған
Қарауылкелді ауылдық округінің
бюджетін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік Кодекстің 9-1-бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 - бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «2018-2020 жылдарға арналған Қарауылкелді ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2018 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 80 735 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 30 332 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 50 403 мың теңге;

2) шығындар – 80 735 мың теңге;

2. Қазақстан Республикасының «2018-2020 жылдарға арналған Республикалық бюджет туралы» Заңының 8- бабына сәйкес:

1) жалақының ең төменгі мөлшері – 28 284 теңге;

2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2 405 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы 28 284 теңге болып белгіленсін.

3. 2018 жылға аудандық бюджеттен ауылдық округ бюджетіне берілетін субвенция 50 403 мың теңге сомасында көзделді.

4. Осы шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Байғанин аудандық
мәслихатының сессия
төрағасы**

**Байғанин аудандық
мәслихатының
хатшысы**